

"Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 245 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 сәуірде № 3709 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 460 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 20.05.2016 № 460 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңына және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандығы Жарлығына, Мақтарал аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 ақпандағы "Мақтарал ауданының басқару схемасы туралы" Мақтарал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 18-110-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" № 55-356-V шешіміне, "Мемлекеттік мекемелер туралы" Мақтарал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 119 қаулысына сәйкес, Мақтарал ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. "Мақтарал ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:
 - 1) осы қаулыны Мақтарал ауданының аумағында тартылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;
 - 2) осы қаулыны Мақтарал ауданы әкімдігінің интернет ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Султанхановқа жүктелсін.

"Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы **ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Мақтарал ауданы аумағында жер ресурстарын мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.
2. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.
3. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі үйимдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы, М.Әуезов көшесі № 20 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы—"Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: жер қатынастары саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

15. Міндеттері:

- 1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) мемлекеттік органның құзырына кіретін мәселелер бойынша отырыстар еткізеді.

16. Функциялары:

- 1) иесі жоқ жер участекерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 2) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) ауданың жергілікті атқарушы органдың жер участекерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;
- 4) мемлекет мұқтажы үшін жер участекерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 5) жер участекерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;
- 6) мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер участекерінің кадастрық (бағалау) құнын бекіту;
- 7) жерге орналастыруды жүргізуі ұйымдастыру және жер участекерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

- 8) ауданың жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;
 - 9) елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;
 - 10) жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізу ді ұйымдастыру;
 - 11) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;
 - 12) ауданың жер балансын жасау;
 - 13) жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;
 - 14) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участеклерінің паспорттарын беру;
 - 15) жер участекесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
 - 16) Қазақстан Республикасының "Жер кодексінің" 71-бабына сәйкес ауданың жергілікті атқарушы органдарын іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер участеклерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;
 - 17) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;
 - 18) пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;
 - 19) жерді резервке қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;
 - 20) жер-кадастрлық жоспарды бекіту жатады;
 - 21) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
17. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) жиналыстарды өткізу тәртібін ұйымдастырады, аудан әкімдігінің отырыстарына қатысады;
 - 2) "Мақтаарал ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарына жария етілуін қамтамасыз етеді;
 - 3) "Мақтаарал ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, осы Ережеге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады

20. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бүйіркітілген шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды

;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады;

"Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаларға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

23. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып

алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлкі коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Мақтарал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.